

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

ЗАҢ ИНСТИТУТЫ

АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ

**«Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы»
пәні бойынша
«Ерекше талап қою мен іс жүргізу»
тақырыбында әзірленген
ДӘРІС**

**Әзірлеген: азаматтық-құқықтық пәндер
кафедрасының аға оқытушысы,
полиция майоры А.А. Қалиев**

**Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының ПӘС отырысында
талқылынып, мақұлданған. 2016 ж. «__»_____№__ хаттама.**

ҚАРАҒАНДЫ 2016

ЖОСПАР:

Кіріспе

1. Ерекше талап қою арқылы іс жүргізудің мәнісі мен маңызы
2. Ерекше талап қою арқылы іс жүргізу тәртібімен қаралатын істердің санаттары

Қорытынды

Пайдаланылған нормативтік құқықтық актілер және әдебиеттер

Кіріспе

Азаматтық сот ісін жүргізуді (яғни, бірінші инстанциядағы сот өндірісін) үш түрге бөлу бұрыннан да көкейкесті мәселелердің бірі болып келді. Өйткені, азаматтық іс жүргізу құқығының ғылымында әкімшілік-құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды талап ісін жүргізумен қатар бөлек шығарудың дұрыстығына күмән келтірушілердің ойы да орын алған.

Бұл мәселені заңгермен осы сот өндірісін жаңа нысанда, яғни, “ерекше талап ісін жүргізу” атты атауымен бекіткеннің өзі де шешкен жоқ.

Бірнеше авторлар бұндай істер өздерінің мәнісі бойынша осыдан туындайтын салдарымен қоса талап қою істеріне жатады дейді. Олардың ойынша бұндай істерді ортақтандырып талап қою істерімен бірге қарастыруға болады.¹ Сондықтан да бұндай санаттағы істерді талап қою істерінен бөлудің қажеттігі жоқ деп есептейді.

Бұған қарсы бір топ басқа авторлар ерекше талап қою істерінің бөлек қолданылу қажеттігін негіздеді. Сонымен қатар, жариялық-құқықтық қатынастардан туындайтын істер бойынша сот өндірісі ғылыми зерттеулерде “әкімшілік юстиция”² деген атқа ие болды (бұл бір жағынан жеке және заңды тұлғалар болатын, ал екінші жағынан мемлекеттік орган және оның лауазымды тұлғасы болатын әкімшілік қатынастар).

Әр түрлі мемлекеттердің сот өндірісінің тарихында жариялылық /публичные отношения/ қатынастар саласындағы дауларды шешу бойынша әкімшілік соттар, яғни, олардың қызметін құқықтық реттеу болған және әлі де бар.

Дегенмен, біздің мемлекетіміздің бүгінгі даму сатысында әкімшілік соттарды құру болашақта жоспарланған. Сондықтан да бүгінгі заңнама ерекше талап ісін жүргізу тәрізді бірінші инстанциядағы сот өндірісін азаматтық іс жүргізу құқығы аумағында қарастыруды көздейді.

¹ Боннер А. Подведомственность судам дел по жалобам на неправомерные действия должностных лиц, ущемляющих права граждан. //Соц.законность.1988 №4.

² Чечот Д.М. Административная юстиция (теоретические проблемы). – Л. ЛГУ,1973.

1. Ерекше талап қою арқылы іс жүргізудің мәні мен маңызы

АПК-тің 3-бөлімі «Ерекше талап қоюмен іс жүргізу» деп аталады және өзіне 27-30 тарауларды қамтиды. Бұл процестік нормалар ерекше талап қою ісін жүргізу бойынша нақты істердің санаттарын реттейді.

Сонымен қатар, айта кетер жай – сот билігі Конституция, заңдар, басқа да нормативтік құқықтық актілер, Республиканың халықаралық шарттары негізінде пайда болған барлық істер мен дауларға қатысты қолданылады (ҚР Конституциясының 76 б. 2-т.). Сондықтан да заңмен тікелей көзделген жағдайлардан басқа кездерде жариялық-құқықтық сипаттағы қатынастардан туындайтын кез-келген даулар соттық тәртіпте қарастырыла алады. Азаматтық істердің ведомстволығын анықтау бойынша бұндай көзқарас АПК-нің 24 б. 3 т. орын алған: «Мемлекеттік органмен немесе оның лауазымды тұлғамен қабылданған акт сотта даулануы мүмкін». Осы баптың келесі бөлімі ерекше талап ісін жүргізу аумағында қарастырылатын істер АПК-нің 27-30 тарауларында көрсетілгеніне сілтеме жасап отыр.

Бұл заңнамалық ережелерден келесі қорытынды туындайды: жариялылық сипаттағы құқықтық қатынастардан туындайтын даулар талап қою ісін жүргізу барысында немесе ерекше талап қою ісін жүргізу барысында қарастырылуы мүмкін. Бұларды ажыратудың өлшемі ретінде қай істер қандай сот ісін жүргізуде қарастырылуы керек екендігінің заңмен орнатылуын айтуға болады. Жоғарыда айтылған мән жайлар талап ісін жүргізу мен ерекше талап ісін жүргізу істерінің ұқсастығын растайды: сот өндірісіндегі біріншісіне де, екіншісіне де жататын істер – бұл құқық туралы даулар.³

Талап қою ісін қарастыру тәртібімен азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрмыстық, қаржылық, шаруашылық, жер қатынастарынан, табиғи ресурстарды қолдану мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қатынастар мен басқа да құқықтық қатынастардан, оның ішінде бір тараптың екінші тарапты билікпен бағындыруына негізделген қатынастардан туындайтын даулар қарастырылады (АПК 24б. 2т.). Қатысушыларының бірі екіншісіне бағыну тән болатын қатынастардан туындайтын істер талап ісіне жататын істердің бір бөлігін құрайды, сондықтан да заң олардың нақты тізімін қамтымаған.

Ал, ерекше талап қою істеріне белгілі бір жариялық-құқықтық қатынастардың түрлерінен пайда болатын, тек қана заңда көрсетілген құқық туралы даулар жатады. Оларға заң келесі санаттағы істерді жатқызады:

1) Сайлауға, референдумдарға қатысушы азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғау туралы арыздар бойынша іс жүргізу (АПК 27-тарауы);

2) Жергілікті атқарушы органдардың азаматтардың алқаби ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу құқықтарын бұзатын жөніндегі арыздар бойынша іс жүргізу (АПК 28-тарауы).

3) Мемлекеттік өкімет, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік

³ Баймолдина З.Х. Көрсетілген еңбек. 144б.

қызметшілердің шешімдері мен әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) дау айтуы туралы іс бойынша іс жүргізу (АІЖК 29-тарауы);

4) Нормативтік құқықтық актілердің заңдылығына орай даулар туралы іс бойынша іс жүргізу (АІЖК 30-тарауы);

Ерекше талап қою жолымен қарастырылатын істерге келесі белгілер тән болып келеді:

1) бұл істерді заңның тікелей тізіп көрсетуі;

2) бұл істерде бір жағынан азамат, қоғамдық бірлестік және екінші жағынан мемлекеттік орган, жергілікті өзін өзі басқару органы, ұйым, лауазымды тұлға немесе мемлекеттік қызметкер арасында пайда болатын құқық туралы даудың болуы.

Сондықтан да ерекше талап қою жолымен қарастырылатын істердің мәні осында. «Жариялық-құқықтық қатынастарды қарастыру барысында сот бір сұрақ бойынша өзара қарама-қарсы келетін екі талапқа тіреледі. Сот іс бойынша қай жақтың – тиісті органның (лауазымды адамның) ба, әлде азаматтың ба әрекеттері заңға негізделгенін анықтайды».⁴

Сот ісін жүргізудің бұл түрінің ережелері бойынша материалдық құқық қатынастарының сайлау, басқа да конституциялық, әкімшілік, қаржылық, салықтық тәрізді бірнеше түрлерінен туындайтын істер қарастырылады. Бірақ бұл материалдық құқық қатынастарын біріктіруші белгі ретінде олардың биліктік сипаты болып табылады. «Бұл жерде бастысы дауланушы тұлға тікелей немесе жанама түрде белгілі бір құрылымға немесе оның органдарына бағынышты болып келеді, және де тұлғаның айтуынша солардың әрекеттерімен азаматтың құқықтары мен бостандықтары бұзылып отыр».⁵

3) бұл істерді қарастыру және шешу барысында сотпен мемлекеттік органдар, жергілікті өзін өзі басқару органдары, лауазымды адамдар және мемлекеттік қызметкерлер әрекеттерінің (әрекетсіздіктерінің) заңдылығын және негізділігін тексеру.

«Соттық бақылау аумақтары соттың құқықты қолдану қызметімен шектелуі керек».⁶ Заңнама азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеу немесе заңды бұзу жолымен әрекеттер жасаған лауазымды тұлғаларға (органдарға) қатысты соттық бақылау мүмкіндігін орнатады. Соттар өз құзіреттері және заңдар шегінде әрекет ететін әкімшілік органдардың шешімдеріне баға берулеріне құқықтары жоқ. Сондықтан да «соттық бақылау – бұл әкімшілік шешімдердің қажеттілігін емесе, олардың заңға сай келуін бақылау»⁷ деген пікір орынды болады.

Қорыта келгенде, **ерекше талап қоюмен іс жүргізу дегеніміз** – бұл бірінші сатыдағы соттың заңмен орнатылған жариялық-құқықтық қатынастардан туындайтын даулар бойынша азаматтық істердің шеңберін қарастыру және шешу тәртібін белгілейтін іс жүргізу өндірісі.

⁴ Боннер А. Подведомственность судам дел по жалобам на неправомерные действия должностных лиц, ущемляющих права граждан. //Соц.законность.1988 №4.

⁵ Боннер А. Көрсетілген еңбегі.36-38беттер.

⁶ Березина Н.В. Проблемы производства по делам, возникающим из административно-правовых отношений // Проблемы применения и совершенствования ГПК РСФСР: сб.науч.трудов. Калинин,1984.с.107-110.

⁷ Ремнев В.И. Социалистическая законность в государственном управлении. – М.:Наука,1979.

Ерекше талап қою ісін жүргізу көлемінде қарастырылатын істер жалпы сот ісін жүргізу тәртіптері бойынша, яғни, талап ісін жүргізу істеріне қатысты қолданылатын ережелерге сай іске асырылады. Жалпы ережелер барлық азаматтық істерді қарастыру тәртібіне қолданылады (сот өндірісінің принциптері, процесстің сатылар бойынша дамуы, дәлелдеу және дәлелдемелерге баға беру ережелері, сот мәжілісінің хаттамасын жүргізу, сот актілерін шығару тәртібі, іс бойынша өндірісті тоқтату ережелері және т.б.).

Сонымен бірге, ерекше талап қою ісін жүргізудің заңдық табиғатын ескере отырып, заң шығарушы оларды қарастыру мен шешудің кейбір ерекшеліктерін бекіткен.

Олардың ішінен мынадай ережелерді көрсете кетуге болады:

1. сотқа талап емес, арыз беріледі, яғни, заң бұндай істерді қозғаудың ерекше құралын орнатып отыр;

2. мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың жеке және заңды тұлғалар құқықтарын шектейтін әрекеттерін даулаушылардан басқа арыз берушілер мемлекеттік баж салығын төлеуден босатылады;

3. сотқа арызды беру мерзімдері көрсетіледі;

4. топтық (тектік) және аумақтық соттылықты белгілеудің ерекшеліктері бар;

5. кейбір істер бойынша оларды қарастыру мен шешудің қысқартылған мерзімдері орнатылады;

6. құқық туралы даудың субъектілері талапкер мен жауапкер деп аталмайды. Заң дауланушы жақтардың бірін азамат немесе қоғамдық бірлестік деп атайды, ал екінші жақты – мемлекеттік орган, жергілікті өзін өзі басқару органы, лауазымды тұлға немесе мемлекеттік қызметкер деп атайды;

7. дауласушы тараптардың бітімгершілік келісім жасау, талаптан бас тарту немесе талапты мойындау мүмкіндіктері көрсетілмейді;

8. азамат немесе қоғамдық бірлестік даулап жатырған шешімдер мен әрекеттердің заңға сай екендігін дәлелдеу қарсы жаққа - мемлекеттік органға, жергілікті өзін өзі басқару органына, лауазымды тұлғаға немесе мемлекеттік қызметкерге жүктеледі;

9. мемлекеттік органның немесе жергілікті өзін өзі басқару органының актісін жарамсыз деп немесе олардың заңға сай келмейтін актілерін қолдануға болмайтынын тану; азаматтың немесе қоғамдық бірлестіктің құқықты иелену мен іске асыруында кедергілер жасағаны үшін мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғадан айып өндіру секілді құқықты қорғаудың ерекше әдістері белгіленеді (ҚР АҚ 9 б. 1т.).

Дегенмен, А.Т. Боннердің негізделген пікірі бойынша, азаматтық сот өндірісінің бұндай екі түріндегі терминологиялық айырмашылықтар формальды сипатта болып отыр. Заңнамада талап қою өндірісінің терминдері ерекше талап ісін жүргізуде кездеспегенімен, талап қою ісін жүргізу барысындағы институттар бұндай сот ісін жүргізуде де қолданылуы мүмкін, ал кейбір жағдайларда тіпті қажет. Бұл автордың айтуынша кейбір жағдайларда бастапқы жарияланған талаптардың көлемін немесе сипатын анықтау және қарсы талап

ұсыну, сонымен қатар бітімгершілік келісімге келу, талаптан бас тарту және талапты мойындау секілді әрекеттерді жасауға болады.

2. Ерекше талап қою арқылы іс жүргізу тәртібінде

қарастырылатын істердің санаттары

Сайлау құқықтарын қорғау туралы істерді қарастыру мен шешудің ерекшеліктері АІЖК-нің “Сайлауға, референдумдарға қатысушы азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғау туралы арыздар бойынша іс жүргізу” атты 25-тарауымен ретеледі. Бұл санаттағы істерді қарастырудың процессуалдық сипаттағы кейбір нормалары Қазақстан Республикасының “Сайлау туралы” Конституциялық заңында да орын алған.

Мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, сайлау комиссиясының, лауазымды адамдардың шешімімен, әрекетімен (немесе әрекетсіздігімен) сайлау немесе сайлану, сайлауға, референдумға қатысу құқығы бұзылды деп санайтын азамат, қоғамдық бірлестік, сайлау комиссиясының мүшесі АІЖК-нде орнатылған ережелер бойынша арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл норма сайлау туралы Конституциялық заңда орын алған негізгі нормалардың туындап, оны одан әрі бекітіп отыр. Аталмыш Конституциялық заңның 20 бабындағы 6-тармаққа сай: “сайлау комиссияларының шешімдері мен әрекеттері жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағымдалуы мүмкін”. Алдын ала сайлау комиссияларына жолдану, одан кейін сотқа жолдануға кедергі болып табылмайды.

Осы заңның 26 б. 4-т. сай әрбір азаматқа (сайлаушыға) тізімге қоспауды, дұрыс қоспауды немесе тізімнен алып тастауды, сонымен қатар сайлаушы туралы тізімдегі жіберілген қателіктерді шағымдау құқығы беріледі. Тізімдерге дұрыстаулар енгізу қажеттігі туралы арыздар тиісті сайлау комиссиясымен үш күннен кешіктірілмей, ал сайлау күні дереу қарастырылуы керек. Арызды қарамай тастаған жағдайда сайлау комиссиясы сол бойда оның аразын қанағаттандырмау туралы себепті шешімнің көшірмесін береді. Ұз шеретінде, бұндай шешім сайлау комиссиясы орналасқан жер бойынша сотқа шағымдалуы мүмкін.

Соттар дауыс беру сұрақтарына, сонымен қатар сайлау туралы заңнаманың бұзылғанына қатысты сайлау комиссиялары мүшелерінің, азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің заңмен орнатылған тәртіпте тіркелген өкілдерінің арыздарын қабылдауға міндетті (сайлау туралы Конституциялық заңның 49 б.).

АІЖК-нің 273 б. 1 т. сай сайлауға әзірлік және өткізу кезеңінде түскен арыз оның берілген күнінен бастап бес күн мерзімде, ал дауыс беру күнінен бес күн бұрын және дауыс беру күні түскен арыз дереу қаралуға тиіс.

Бұндай арызды сот арыз берушінің, тиісті сайлау комиссиясы немесе мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы өкілінің қатысуымен қарайды. Бірақ, сот отырысының өткізілетін уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған аталған адамдардың сотқа келмеуі істің қаралуы мен шешілуіне кедергі болмайды.

Сот шешімі дереу заңды күшіне енеді және ол апелляциялық шағымдануға жатпайды. Ал, азаматтың немесе қоғамдық бірлестіктің сайлау құқығы бұзылуын анықтаған сотшешімі сайлаушылар тізіміне түзетулер енгізу үшін, кандидатты тіркеу үшін не қоғамдық бірлестікті сайлауға немесе референдумға

қатысушы ұйымдар қатарына енгізу үшін, сондай-ақ сайлау күнін өзгерту үшін негіз болып табылады (АІЖК-нің 274 б. 1 т.).

Осындай істер бойынша қабылданған сот шешімі тиісті мемлекеттік органға, жергілікті өзін-өзі басқару органына немесе сайлау комиссиясының төрағасына жіберіледі. Сот шешімінің орындалмауына кінәлі лауазымды адамдар заңда белгіленген тіртіппен жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Сайлау туралы Конституциялық заң жоғарыда көрсетілген жағдайлардан басқа келесі әрекеттерді шағымдау мүмкіндігін береді:

1) ҚР Президенттігіне, Сенат, Мәжіліс, маслихат депутаттығына, жергілікті өзін-өзі басқару органының мүшелігіне кандидат ретінде тіркеуден бас тартуды;

2) ҚР Президенттігіне, Сенат, Мәжіліс, маслихат депутаттығына, жергілікті өзін-өзі басқару органының мүшелігіне кандидат ретінде тіркеу туралы шешімді жоққа шығаруды;

3) Сайланған ҚР Президентін, Сенат, Мәжіліс, маслихат депутатын, жергілікті өзін-өзі басқару органына мүшені тіркеуден бас тартуды.

Заң осындай жағдайларда мүдделі тұлғаның кімнің және қандай әрекеттерімен келіспейтінін ескере отыра сотқа жолданудың және арызды сотпен қараудың 10,7,3-күндік мерзімдерін орнатып отыр.

Осындай кездерде ведомстволық бағыныстылық ережелері мүдделі тұлға заңсыз деп есептеп отырған шешімнің немесе әрекеттің мазмұнына байланысты дифференцияланады. Сондықтан да, заң *баламалы /альтернативалық/ ведомстволық бағыныстылықты* (мүдделі тұлғаның өз қалауы бойынша сайлау комиссиясына немесе сотқа жолдануы мүмкін) немесе *ерекше ведомстволық бағыныстылықты* (арызды тек қана сотқа беру) орнатады.

Арыздар ҚР Жоғары сотымен немесе төменгі соттармен қаралатын болғандықтан тектес соттылық шағымданып жатқан әрекет түріне байланысты болады.

Сайлау туралы Конституциялық заңындағы 59 б. 8 т. сәйкес Президенттікке кандидатты тіркеуден бас тарту немесе оны тіркеу туралы шешімнің жоққа шығарылуы туралы орталық сайлау комиссиясының шешімі осы кандидаттың өзімен немесе оны кандидаттыққа жылжытқан қоғамдық бірлестікпен ҚР Жоғары сотына он күн ішінде жолдануға құқылы. Ал, ҚР Жоғары соты болса, осындай шағым берілген күннен бастап 10 күн мерзім ішінде оны қарастыруы керек.

Сайлау туралы Конституциялық заңның 66 бабына сай аумақтық сайлау комиссиялары хаттамаларының негізінде орталық сайлау комиссиясы сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн ішінде Республиканың сайланған Президентін тіркейді.

Аталмыш заңның 88 бабының 10-тармағына сай Мәжіліс депутаттығына үміткерді, партиялық тізімдерді тіркеуден бас тарту немесе бұндай тіркеулерді жоққа шығару туралы шешімдерді жеті күндік мерзімде орталық сайлау комиссиясына немесе сотқа шағымдауға болады. Ал, орталық сайлау комиссиясы немесе сот шағым берілгеннен бастап жеті күн ішінде тиісті шешім шығарады.

Бұндай сипаттағы істер бойынша мерзімдерге қатысты тағы бір мысал келтіретін болсақ, сайлау туралы Конституциялық заңның 118 б. 7 т. сай жергілікті өзін-өзі басқару органына мүше болуға үміткерді тіркеуден бас тарту немесе бұндай тіркеуді жоққа шығару туралы шешім үш күн ішінде азаматтар жиналысымен немесе үміткердің өзімен жоғары тұрған аумақтық сайлау комиссиясына немесе сотқа шағымдануы мүмкін. Осыны ескере отыра аумақтық сайлау комиссиясы немесе сот берілген шағым бойынша үш күн ішінде тиісті шешім шығаруы тиіс.

Учаскелік сайлау комиссиясының хаттамалары негізінде тиісті аумақтық сайлау комиссиясы сайлау өткізілгеннен кейін үш күндік мерзімде жергілікті өзін-өзі басқару органына сайланған мүшелерді тіркейді. Сонымен қатар, егерде сайлау барысында, дауыстарды санау кезінде немесе сайлау қорытындыларын анықтау барысында сайлау туралы заңның бұзылғаны анықталса, учаскелік сайлау комиссиясының ұсынымы немесе азаматтардың жолдануы бойынша, тиісті аумақтық сайлау комиссиясы жергілікті өзін-өзі басқару органына мүшелерді сайлауды жарамсыз деп тануы мүмкін.

Аумақтық сайлау комиссиясының бұндай шешімі қабылданғаннан кейін үміткерлер бес күн ішінде оған шағым беріп, сотқа жолдана алады. Ал сот болса он күн ішінде шешім шығаруы керек (сайлау туралы Конституциялық заңның 126 б.).

Жергілікті атқарушы органдардың азаматтардың алқаби ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу құқықтарын бұзатын шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту жөніндегі арыздар бойынша іс жүргізу.

Жергілікті атқарушы органның шешімімен, әрекетімен (әрекетсіздігімен) алқаби ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу үшін іріктеу рәсіміне қатысуда азаматтың құқығы бұзылып отыр деп есептеген азамат осы Кодекстің 3-тарауында белгіленген соттылық бойынша сотқа арыз беріп жүгінуге құқылы. (274-1-бап. Арыз беру) Арызды Қазақстан Республикасының алқабилер туралы заңнамасына сәйкес, алқабиге кандидаттардың алдын ала тізімімен азаматтарды таныстыру мерзімі аяқталған кезден бастап жеті күн мерзім ішінде сотқа беруге болады.

Осы Кодекстің 274-1-бабында белгіленген мерзімдерде келіп түскен арыз - екі күн мерзімде, ал осы мерзім аяқталатын күні келіп түскен арыз дереу қаралуға тиіс.

Сот арыз иесінің, тиісті жергілікті атқарушы орган өкілінің қатысуымен қарайды. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабардар етілген, аталған адамдардың сотқа келмей қалуы істі қарау және шешу үшін кедергі болып табылмайды. (274-2-бап. Арызды қарау)

Қылмыстық сот ісін жүргізуге алқаби ретінде қатысу үшін іріктеу рәсіміне қатысуға азаматтың құқығы бұзылуын анықтаған сот шешімі алқабиге кандидаттардың алдын ала тізімдеріне түзетулер енгізу үшін негіз болып табылады.

Сот шешімі тиісті жергілікті атқарушы органға жіберіледі. Сот шешімінің орындалмауына кінәлі лауазымды адамдар заңда белгіленген жауаптылықта болады. (274-3-бап. Арыз бойынша сот шешімі және оның орындалуы)

Мемлекеттік өкімет, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің шешімдері мен әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) дау айту туралы іс бойынша іс жүргізу

Бұндай істерді қарастырудың процессуалдық тәртібі АІЖК-нің 27 тарауымен реттеледі, нақты айтқанда оның 278-282 баптарымен.

ҚР Конституциясындағы 13 бапқа сай әркім өзінің құқықтары мен бостандықтарын сотта қорғауға құқылы, яғни, кез-келген мемлекеттік органның және олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне қарсы сотқа шағымдануға болады, егер осындай әрекеттермен Конституция мен заңдарда көрсетілген құқықтары бостандықтары және заңды мүдделері бұзылса немесе шектелсе.

ҚР АҚ 9 бабы азаматтық құқықтарды қорғаудың бір әдісі ретінде азаматтың немесе заңды тұлғаның құқыққа ие болуына немесе оны жүзеге асыруына кедергі жасағаны үшін мемлекеттік органнан немесе лауазымды адамнан айыппұл өндіріп алуы көздеп отыр.

АІЖК 27-тарауының ережелерімен *тек қана азаматтардың* мемлекеттік өкімет, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің шешімдері мен әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) дау айту туралы арыздары қарастырылады және шешіледі.

Сондықтан да, азаматтық істердің белгілі бір категориясы, мемлекеттік органдар мен басқа тұлғалар шығарған шешімдерді даулап жатқан субъектілерге байланысты талап ісін жүргізу немесе ерекше талап ісін жүргізу тәртібінде қарастырылады. Бұндай заң жүзіндегі прецедент, З.Х.Баймолдинаның айтуынша, АІЖК-дегі 25-29 тарауларды болашақта талап ісін жүргізу тәртібімен қарастыруға себеп болуы мүмкін.⁸

Әзірше, заң бұрынғыдағыдай азаматтардың мемлекеттік өкімет, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің шешімдері мен әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) дау айту туралы арыздарын соттық қарастырудың арнайы тәртібін орнатады.

АІЖК 279 бабының 1 тармағында: мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдардың, мемлекеттік қызметшілердің сотта дау айтылатын шешімдеріне, әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) нәтижесінде:

1) азаматтың және заңды тұлғалардың құқықтары, бостандықтары және заңмен қорғалатын мүдделері бұзылған;

2) азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ заңды тұлғаның құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін жүзеге асыруына кедергі жасалған;

⁸ Баймолдина З.Х. Көрсетілген еңбек. 156 б.

3) азаматқа немесе заңды тұлғаға әлдебір міндет заңсыз жүктелген немесе олар заңсыз жауапқа тартылған алқалық және жеке-дара шешімдер мен әрекеттер (әрекетсіздік) жатады, - делінген.

Алқалық тәртіпте қабылданған шешімдерге, әрекеттерге (әрекетсіздіктерге) мынадай мысалдар келтіре кеттуге болады:

- шетелге шығуға виза беруден бас тарту;
- жекешелендіру тәртібі мен әдісін даулау;
- кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын іске асыруда кедергі жасау, жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеуден бас тарту;
- жылжымайтын мүлікке құқықты және онымен жасалған мәмілені тіркеуден бас тарту;
- транспорт құралдарын немесе құрылыстарды тіркеуден бас тарту;
- жергілікті өкілетті органмен азаматтарға заңмен көзделмеген салықтар салу туралы шешімдері және т.б.

Азаматтық істер жүргізу құқығында ішкі істер органдары қызметкерлерінің қатысуымен қарастырылатын дауларға да тиісті көңіл бөлінген.

АДЖК 279 б. 2 т. сәйкес мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен лауазымды адамдардың мынадай шешімдері мен әрекеттеріне:

1) тексерілуі Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған нормативтік құқықтық актілерге;

2) оларға қатысты заң сотқа шағымданудың өзгеше тәртібін көздейтін жеке-дара және нормативтік құқықтық актілерге сотта дау айтуға болмайды.

Арыз беру тәртібі. Арыз АДЖК-нің 3-тарауында орнатылған соттылық ережелері бойынша сотқа беріледі. Егерде іс аудандық сотқа қарасты болса, арыз азаматтың тұрғылықты жері бойынша немесе әрекеттері дауланып жатқан мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органанының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның, лауазымды адамның, мемлекеттік қызметкердің қызметі орналасқан жері бойынша қарастырылуы мүмкін. Бұндай жағдайда заң альтернативалық соттылықты орнатып отыр.

Сонымен қатар, АДЖК 278 баптың 3 тармағында тектес соттылықтың арнайы ержелері орнатылған: арыз берушінің мемлекеттік құпия болып табылатын мәмілелер туралы хабардар болуының негізі бойынша Қазақстан Республикасынан шетелге кетуіне рұқсат беруден бас тартуға тиісті аудандық және кету туралы өтінішті қанағаттандырмау жөнінде шешім қабылдаған жердегі соған теңестірілген сотта дау айтылады.

Азамат және заңды тұлға мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның, лауазымды адамның, мемлекеттік қызметшінің шешіміне, әрекетіне (немесе әрекетсіздігіне) тікелей сотта дау айтуға құқылы. Жоғары тұрған органдар мен ұйымдарға, лауазымды адмға алдын ала жүгіну сотқа арыз беруге және соттың оны мәні бойынша қарауға қабылдауына және шешуіне міндетті шарт болып табылмайды.

Берілген арыз үшін орнатылған тәртіпте мемлекеттік баж салығы төленеді.

Азамат және заңды тұлға өз құқытарының, бостандықтарының және заңмен қорғалатын мүдделерінің бұзылған туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап үш ай мерзім ішінде сотқа арызбан жүгінуге құқықтары бар.

Арыз беріп жүгінуге арналған үш айлық мерзімді өткізіп алу соттың арызды қабылдаудан бас тартуына негіз болып табылмайды. Мерзімнің өткізіліп алу себептері сот отырысында арызды мәні бойынша қарау кезінде анықталады және арыздың қанағаттандырылуынан бас тарту негіздемелерінің бірі болуы мүмкін (АІЖК 280 б.).

Арызды қарастыру. Сот арызды қарастыру барысында нақты мерзімдерге назар аударып, іс бойынша тиісті шешімді шығарады. Мысалы, арызды сот бір ай мерзім ішінде азаматтың, заңды тұлға өкілінің шешімдері мен әрекеттеріне дау айтылып отырған мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, қоғамдық бірлестік, ұйым басшысының, лауазымды адамның немесе мемлекеттік қызметшінің қатысуымен қарайды.

Сот отырысынң өткізілетін орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған адамдардың қайсыбірі сотқа келмей қалса, ол арыздың қаралуына кедергі болмайды. Алайда сот аталған адмдардың сот отырысына келуін міндетті деп тануы мүмкін.

Сот мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның қайта құрылғанын немесе таратылғанын анықтаған жағдайда азаматтың бұзылған құқытары мен бостандықтарын қайта қалпына келтіру өз құзыреттеріне жататын құқытық мирасқорларын іске қатыстыру бойынша шаралар қолданады.

Егерде шағымды қарастыру барысында әрекеттері дауланып жатқан лауазымды адам бұрынғы қызметінде істемейтін болса, сот азаматтың бұзылған құқытары мен бостандықтарын қайта қалпына келтіру құзіретіне жататын тиісті органды (ұйымды) іске қатыстыру туралы сұрақты шешеді. Арыз қанағаттандырылған жағдайда сот осындай органның (ұйымның) жетекшісіне арыз берушінің бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қайта қалпына келтіру бойынша міндеттерді жүктейді.

Сот мәжілісі кезінде сот әр-түрлі дәлелдемелерді зерттейді және бағалайды. Мыс., жазбаша дәлелдемелер; азаматтың және орган (ұйым жетекшісінің) немесе өкілінің, лауазымды адамның немесе мемлекеттік қызметкердің түсіндірмелері.

Сот шешімі. Арызды қарастыру қорытындылары бойынша сот шешімді азаматтық сот сот өндірісін жүргізудің жалпы ережелері бойынша шығарады.

Егер сот арызды орынды деп танып, тиісті мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның, лауазымды адамның, мемлекеттік қызметшінің азаматтың және заңды тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын, және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзуға жол берілген бұрмалаушылықты толық көлемінде жоюға міндеттілігі туралы шешім шығарады.

Ал егерде сот дау айтылған шешімдер мен әрекеттер заңдарға сәйкес, мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның, лауазымды адамның, мемлекеттік қызметшінің өкілеттігі шегінде шығарылып жасалғанның және заңды тұлғаның құқықтары, бостандықтары және заңмен қорғалатын мүдделері бұзылмағанын анықтаса, арызды қанағаттандырудан бас тартады.

Арызды қанағаттандыру туралы шешімде:

- мемлекеттік органмен, жергілікті өзін-өзі басқару органымен, қоғамдық бірлестікпен, ұйыммен, лауазымды адаммен немесе мемлекеттік қызметкермен бұзылған құқықтық нормалар;

- жіберілген бұзушылықты түзету үшін нақты қандай әрекеттер жасалу қажет екендігі көрсетіледі.

Мысалы, тіркеуден бас тартуды заңсыз деп таныған кезде судья белгілі бір органның тиісті лауазымды тұлғасына қажетті тіркеу әрекеттерін жасауға міндеттейді.

Заңға немесе басқа да нормативтік актіге қатысты жіберілген кемшіліктерді жою мақсатында сот шешімі олардың әрекеттері дауланған мемлекеттік органның, жергілікті өзін өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның басшыларына, лауазымды адамға немесе мемлекеттік қызметкерге немесе бағыныстылық тәртібінде жоғары тұрған органға немесе лауазымды тұлғаға жіберіледі.

Шешімнің орындалғаны туралы сотқа, азаматқа немесе заңды тұлғаға сот шешімі алынған күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей хабарлануға тиіс. Оның үстіне сот шешімінің орындалмағаны үшін кінәлі лауазымды адамдар заңдарға сай жауапкершілікке тартылады, себебі, біз білеміз – сот шешімі мен тапсырмалары бәріне бірдей және оны бұлжытпай орындау қажет.

Соттың мемлекеттік өкімет, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің шешімдері мен әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) дау айту туралы іс бойынша шешіміне ҚР АІЖК-нің 332 бабына сай шағым немесе наразылық келтірілуі мүмкін.

Нормативтік құқықтық актілердің заңдылығына орай даулар туралы іс бойынша іс жүргізу

Қазақстан Республикасында қабылданып жатырған нормативтік құқықтық актілердің барлығы қоғамдық өмірдің қандай да болмасын бір саласын реттеуге бағытталады. Мысалы, ҚР “Тұрғын үй қатынастары туралы” заңы тұрғын үй қатынастары саласындағы қатынастарды реттесе, ҚР “Сақтандыру қызметі туралы” атына сай сақтандыру бойынша қатынастарды реттейді, ал ҚР “Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы” заңы қазақстандық азаматтардың сайлауға қатысу, депутаттыққа сайлану бойынша құқықтарын бекітеді. Жалпы, Қазақстан егемендік алғалы 20-30 мыңға жуық әр-түрлі құқықтық актілер қабылданған болатын. Бұндай нормативтік актілерге қойылатын негізгі талап – олардың ҚР Конституциясына және басқа да заңдарға сай болуы және қайшы келмеуі. Дегенмен, кейбір жағдайларда, нормативтік құқықтық актілерде қателіктер, кемшіліктер, қарама-қайшылықтар кездесіп тұрады. Олардың бәрі қоғамдық өатынастардың бір қалыпты үрдісте болуына кесірін тигізеді. Осындай мән-жайлар анықталған жағдайларда оларды түзету мен жөндеудің тәртіптері азаматтық іс жүргізу заң нормаларында орын алған.

Бұндай санаттағы істерді қарастырудың процессуалдық тәртібі ҚР АІЖК-нің 28-тарауымен (283-285 баптар) реттеледі.

Аталмыш тарауда бекітілген ережелерге сай “өздеріне нормативтік актінің күші қолданылатын, мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның заңда көзделген тәртіппен қабылданып, жарияланған нормативтік құқықтық актісімен азаматтардың немесе заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және ҚР Президенті жарлықтарында кепілдік берілген құқықтары және заңмен қорғалған мүдделері бұзылып отыр деп санайтын азамат немесе заңды тұлға бұл актіні заңға толығымен немесе жеке бір бөлігі қайшы келеді деп тану туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы”.

Бұл жерде назар аударарлық бір жағдай – тексерілуі ҚР-сы Конституциялық Кеңесінің құзіретіне жатқызылған нормативтік құқықтық актілердің заңдылығына дау айту туралы арыздар сотта қарастырылуға тиіс емес. ҚР Президентінің Конституциялық заң күші бар “Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы” Конституциялық заңының 17 б. 2-т. сай төмендегідей істерді қарастырады:

- Парламент қабылдаған заңдардың Президент қол қойғанға дейін;
- Парламент және оның Палаталары қабылдаған қаулылардың;
- Республиканың халықаралық шарттарының олар ратификацияланғанға дейін Конституцияға сәйкестігін.

Сонымен қатар, аталмыш Конституциялық заңының 17 б. 4 т. 1 тармақшасына сәйкес егер сот Конституцияның 78 бабына қолданылуға жататын заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт адам мен азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына қысым жасайды деп қараса, Конституцияның 72 бабы 2 тармағына сәйкес соттардың актіні конституциялық емес деп тану туралы өтініштерін қарайды.

Арызды беру тәртібі. Нормативтік құқықтық актілердің заңдылығына орай даулар туралы азаматтың арыз беру тәртібі мен арызының мазмұны ҚР АІЖК 283 б. 3-5 т. сай болуы керек. Азамат арызын ҚР АІЖК 3-тарауында бекітілген соттылық ережелеріне сәйкес беруі тиіс.

Ал арызға қойылатын талаптарға келетін болсақ, олар ҚР АІЖК 150 б. сәйкес рәсімделуі керек және онда мынадай қосымша мәліметтер орын алуы қажет:

- 1) нормативтік құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік органның немесе лауазымды адамдың атауы;
- 2) нормативтік құқықтық акт қабылданған уақыт;
- 3) азаматтың нақты қандай құқықтары осы нормативтік құқықтық актімен немесе оның жеке бір бөлігімен бұзылып отырғаны;
- 4) осы құқықтық акт Конституцияның, заңдардың, Республика Президенті жарлықтарының қай баптарына қайша келетіні.

Берілген арызға дауланып жатырған нормативтік актінің немесе оның бір бөлігінің көшірмесі тіркеледі, сонымен қатар бұндай акт қашан және қай органмен қабылданғаны көрсетіледі. Бірақ осындай арызбен сотқа жолдану нормативтік құқықтық актінің қолдануын тоқтатпайды.

Арызды қарау. Сотқа арызбен жүгінген азаматқа немесе заңды тұлғаға, сондай-ақ нормативтік құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік органға /лауазымды адамға/ сот отырысының өткізілетін орны туралы хабарланады.

ҚР АІЖК-нде бұндай істерді қарастырудың қысқартылған мерзімдері көзделген. Яғни, бұндай мерзімнің ұзақтығы – он күн /ҚР АІЖК 284 б. 2 т./.

Істі қарастыру бойынша сот мәжілісінде міндетті түрде қатысатындар:

- арыз берген азамат;
- прокурор;
- нормативтік құқықтық актіні қабылдаған лауазымды адам немесе мемлекеттік органның өкілі.

Бірақ, кейбір жағдайларда істің мән-жайларына байланысты сот мүдделі тұлғалардың біреуі келмей қалған жағдайларда да істі қарастыруы мүмкін.

ҚР АІЖК 284 б. 3 т. сай сот мәжіліс барысында келесі мәліметтерді тексереді:

- нормативтік құқықтық актіні қабылдаған лауазымды адамның немесе мемлекеттік органның құзыреті;
- нормативтік құқықтық актінің Конституцияға, заңдарға, Республика Президенті жарлықтарына сәйкестігін.

Нормативтік құқықтық актіні заңға қайшы деп тану туралы арызды қараған кезде аталған актіні қабылдауға негіз болған мән-жайларды дәлелдеу міндетті актіні қабылдаған мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға жүктеледі.

Арыз бойынша сот шешімінің тәртібі ҚР АІЖК 285 б. орын алған.

Біріншіден, егерде арызды сот негізсіз деп таныса, оны қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығарылады.

Екіншіден, арыз негізді болған жағдайда сот өз шешімінде нормативтік құқықтық актіні толық немесе оның жекелеген бөліктерін акт қабылдаған кезден бастап жарамсыз деп таниды.

Сонымен қатар, арыз қанағаттандырылған жағдайда сот шешімінің қарар /резюлютивті/ бөлігінде бұқаралық ақпарат құралдарының редакциясы, егер жарамсыз деп танылған нормативтік құқықтық акт бұрын сол бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланса, сот шешімі туралы сот белгілеген мерзімде хабарлама жариялауға міндетті екенін көрсетеді.

Нормативтік құқықтық акті тұтастай немесе оның жекелеген бөлігін жарамсыз деп таныған сот шешімі осы актіні қабылдаған мемлекеттік орган немесе лауазымды адам үшін, сонымен қатар, дау айтылған нормативтік құқықтық актінің күші құқықтары мен бостандықтарына қолданылған азаматтар үшін міндетті болып есептеледі.

Соттың бұндай шешімдеріне де шағым мен наразылықтар білдіруге болады.

Прокурордың жолдануы бойынша нормативтік құқықтық актіні заңсыз деп танудың процессуалдық ерекшеліктері.

ҚР АІЖК 29-тарауында және ҚР “ҚР прокуратурасы туралы” заңында осындай санаттағы істерді қарастырудың процессуалдық тәртіптері бекітілген.

ҚР “ҚР прокуратурасы туралы” заңы прокуратура органдарымен Конституцияға және Қазақстан заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да нормативтік актілерді заңсыз деп танудың ерекшеліктерін реттейді (4 және 19 баптар).

Прокурор Конституцияға, Президенттің Жарлықтарына және республикалық актілерге қайшы келетін мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың

нормативтік және құқықтық актілеріне наразылық келтіреді. Бұндай наразылық тиісті нормативтік немесе құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік органға, лауазымды адамға келтіріледі, және де наразылық олармен он күндік мерзімде қарастырылуы тиіс. Осындай орган немесе лауазымды адам наразылықты қарастыратын күн туралы прокурорды хабардар етеді. Бұндай процестегі прокурордың қатысуының негізгі мақсаты – тиісті органдардан заңсыз актінің күшін жойылуын немесе оны Конституция мен заңнамаға сәйкестендіруін талап ету.

Прокурордың наразылығын негізсіз деп таныған және оның талаптарына көнбей қойған жағдайларда, тиісті органдар мен лауазымды адамдардың әрекеттеріне қарсы және заңсыз актінің күшін жою туралы талаппен прокурор сотқа жолдана алады.

Арызды беру. Сотқа арызбен жүгінген азаматқа немесе заңды тұлғаға, сондай-ақ нормативтік құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік органға (лауазымды адамға) сот отырысының өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарланады.

Прокурордың сотқа жүгінуі наразылық келтірілген актінің күшін сот қарағанға дейін тоқтата тұрады.

Прокурордың **арызын сотта қарау** ҚР АІЖК 287 бабымен реттеледі. Яғни, сот прокурордың арызын он күн мерзімде қарайды.

Прокурордың арызы оның қатысуымен және наразылықты қабылдамау туралы шешім шығарған органның, лауазымды адамның немесе оның өкілінің қатысуымен қарастырылады.

Сот отырысына наразылықты қабылдамау туралы шешім шығарған органның, лауазымды адамның немесе оның өкілінің келмей қалуы прокурордың арызын қарауға кедергі бола алмайды. Бірақ істің жағдайларына байланысты кейбір кездерде сот бұндай адамдардың келуін міндетті деп тануы мүмкін.

Істі қарастыру барысында сот нормативтік құқықтық акті мазмұнының Конституцияға және заңдарға сәйкестігін тексереді /яғни, нормативтік актіге құқықтық баға береді/, прокурордың осындай актілерді Конституцияға және заңдарға қайшы деп тану қажеттігінің негіздемелерін тыңдайды, құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның түсіндірмелері мен қарсылықтарын қарастырады.

Соттың шешімі. Егер сот наразылық келтірілген актіні немесе іс-әрекетті заңға және органның немесе лауазымды тұлғаның өкілеттігіне сәйкес деп таныса, ол арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығарады.

Сот прокурор арызының негізді екендігін анықтай отырып, өтінішті қанағаттандыру және нормативтік құқықтық актіні, жеке қолданылатын құқықтық актіні немесе іс-әрекетті заңсыз деп тану туралы шешім шығарады. Бұл екі құқықтық норма ҚР АІЖК 288 б. орын алған. Осыдан туындайтыны – нормативтік құқықтық актіні заңсыз деп тану оның шығарылған күнінен бастап заңсыз екендігін білдіреді, сондықтан да оны шығарған органды немесе лауазымды адамды актінің күшін жойдыруға міндеттеудің қажеті жоқ.

Соттың бұндай шешімі де осы санаттағы басқа да істер тәрізді жоғары инстанциялық сотқа жолданып, шағымдануға немесе жолдануға құқықты шектемейді.

Қорытынды

Сонымен қорыта келгенде, субъектілер, яғни азаматтық іс жүргізу құқығы азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарына қатысатын немесе қатыса алатын адамдар үш топқа бөлінеді.

1. Сот төрелігін жүзеге асыратын адамдар. Сот процестің ерекше қатысушысы болып табылады, себебі арнайы құрылған мемлекеттік билік органы ретінде сот төрелігін жүзеге асырады. Сотқа азаматтық процестің анық сатыларында басшылық рөл берілген. Іске қатысушы тұлғалар судьяға қарсылық білдірулері мүмкін, мұндай жағдайда судья ауыстырылып, істі басқа судья қарайды. Сот отырысының хатшысы азаматтық істерді қарау барысында сот отырысының хаттамасын жасайды және сот отырысына төрағалық етушінің басқа да тапсырмаларын орындайды. Сот отырысының хатшысы сотқа іс бойынша шақырылған адамдардың қайсысының келгенін, келмей қалған адамдарға хабарланғандығы туралы және олардың келмей қалуының қандай себептері бар екендігін хабарлайды.

Сот приставы — төмендегідей міндеттерді атқаратын адам: сот отырысы кезінде залдағы қоғамдық тәртіпті қадағалайды, сотқа іс жүргізу әрекеттерін орындауды жәрдемдеседі, сот ғимаратын, судьяларды және процестің басқа қатысушыларын қорғауды қамтамасыз етеді, соттың және басқа органдардың атқару құжаттарын мәжбүрлеп орындалатын сот орындаушыларына көмек көрсетеді.

Сот орындаушысы — бұл мемлекеттік қызметтегі және заңмен жүктелген соттың және басқа органдардың актілерін орындау жөніндегі міндеттерді атқаратын лауазымды тұлға.

2. Іске қатысушы адамдар — тараптар; даудың нысанасына дербес талаптарын мілімдемейтін үшінші тұлғалар; прокурор; мемлекеттік органдар; процеске қатысатын жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар немесе жеке азаматтар; ерекше өндіріс тәртібінде сотта қаралатын істер бойынша өтініш берушілер және басқа да мүдделі адамдар. Іске қатушы адамдар өздеріне тиесілі барлық іс жүргізу құқықтарын адал пайдалануы тиіс. Осы тұлғалар іс жүргізу құқықтарын орындамаған жағдайда заңдарда азаматтық сот ісін жүргізу туралы қарастырылған салдарлар туындайды.

Іске қатысушы барлық адамдар екі шағын топқа бөлінеді: 1) өз құқықтары мен мүдделерін қорғайтын адамдар. Оларға; үшінші тұлғалар, яғни, ерекше өндіріс істері бойынша өтініш берушілер мен мүдделі тұлғалар кіреді, 2) мемлекеттік, қоғамдық мүдделерді не жеке адамдар мүдделері мен құқықтарын қорғайтын адамдар. Олар прокурор, мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар немесе жеке азаматтар.

3. Сот төрелігін жүзеге асыруға жәрдемдесетін адамдар. Бұл топқа куәгерлер, сарапшылар, аудармашылар, мамандар, мүлікті сақтаушылар және басқалары кіреді. Мұндай адамдарда азаматтық іске заңды мүдделілік болмайды. Олардың азаматтық процестегі рөлі қосалқы-қызметтік болып табылады, олар сотқа істің нақтылы мән-жайларын анықтауға, оны дұрыс шешуге жәрдемдеседі және нақты әрекеттерді жүзеге асыруға көмектеседі, тап осындай көмекті олар іске қатысушы басқа да адамдарға көрсетеді.

Нормативтік құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамыз. Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
2. Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексі. 2015 жылғы 31 қазан. Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
3. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қарашадағы Кодексі, (2016.21.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
4. Қазақстан Республикасының Су кодексі. 2003 ж., 09 шілде. (2016.08.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
5. Қазақстан Республикасының Орман кодексі. 2003 ж., 8 шілде. (2016.08.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
6. Қазақстан Республикасының Жер кодексі. 2003 ж., 20 маусым. (2016.08.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
7. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. 2007 жылғы 9 қаңтар. (2016.25.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
8. Қазақстан Республикасының Салық кодексі. 2008 жылғы 10 желтоқсан. (2016.28.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
9. Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңы, 1997 ж. 16.04. (2016.09.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
10. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» 1995 ж. 21.12. Заңы. (2016.06.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
11. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Азаматтық процестік заңнамасының кейбір нормаларын қолдану туралы» №2 нормативтік Қаулысы. 20.03.2003 ж. (2012.29.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
12. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Сот қарастыруына азаматтық істерді әзірлеу туралы» № 21 нормативтік Қаулысы. 2001 ж. 13.12. (2012.29.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).

Қолданылған әдебиеттер

1. Ильясова Г.А. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. Ерекше бөлім. Қарағанды: САНАТ-Полиграфия, 2008.- 289 б.
2. Егембердиев Е.О. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. Астана: ФОЛИАНТ, 2006.-388 б.
3. Алёнов М. А. Гражданское процессуальное право: Учебное пособие Астана: ТОО «ПрофиМакс ДК», 2010 - 402с.
4. Алёнов М. А. Гражданское процессуальное право: Учебное пособие- 2-е изд., перераб. и доп. Астана: ТОО «ПрофиМакс ДК», 2011- 530с.
5. Нурмашев У. У. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Краткий курс: учебное пособие. Алматы : NURPRESS, 2012 - 476 с.
6. Гражданский процесс: Учебник-Отв. ред. В.В.Ярков. 7-е изд., перераб. и доп. М.: ВОЛТЕРС КЛУБЕР, 2009 - 784с.